



№80 (9863)

8 қазан,

сенбі

2022 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Жауапкершілік

Ғылым жаңалықтары

Бәрі алақанмен төленеді

Отандық IT мамандар адам биометриясын танитын жоба ойлап тапты. Онда қазіргідей төлем картасы немесе QR арқылы емес, құр адам қолының ғана көмегімен кез келген затты төлей аласыз.



"Алақан Technology" компаниясының техникалық директоры Қанат Сәрсембаев стартап туралы айтып берді.

Бұл стартап – алақан тамырының суреті арқылы жасалатын биометрия. Адам алақанының ешқандай аналогы жоқ. Тіпті оң қол мен сол қолының да тамырлары бір-біріне ұқсамайды. Әр адамда әртүрлі болып келеді. Қазіргі таңда ең сапалы биометрия – алақан тамырлары. Жүйеге бір рет алақаның сканерін енгізеніз болды, өмір бойы қолдануға болады, – деді Қанат Сәрсембаев.

Төлем картасын жүйеге енгізуге болатын қосымша әзірлеген. Осылайша қосымша сауда жасаған, есік ашқан немесе турнирден өткен адам нақты кім екенін анықтап көрсете алатын мүмкіндікке ие.

Алақан тамырлары өмірге келгеннен бастап тек өлшемі өзгеріп отырады. Біз өз жобамызда алақанды басты құралға айналдырамыз. Мобильдік қосымша арқылы сіздің қолыңызды сканерден өткізіп, тіркейміз. Ол арқылы қосымшада сіздің банк картаның нөмірі және басқа да ақпараттарды сақтаймыз. Мысалы, сіздің жолда ұялы телефоныңыз өшіп қалуы мүмкін немесе банк картаның жоғалтып алуыңыз ғажап емес. Ал біздің Алақан қосымшасында смартфон, банк картаның да қажет емес. Дүкенге кіріп бәрін қолыңызды қойып қана төлей бересіз, – деді компания өкілі.

Жастардың жаңа жобасы

Келесі жобаны 11 сыныптың оқушылары ойлап тапқан. Ақу-лут стартапының негізін қалаушы Асылбай Сәрсенбаева жобаның жасалуына не түрткі болғанын айтты.



Біздің мобильдік қосымшамыз аутизммен ауыратын балалар мен жасөспірімдерге арналған құрылғы. Оның ішінде аталған жандарға арналған аудиокітаптар сонымен бірге есту мен көру қабілеті нашар балаларға арнайы бағдарламалар бар. Біз жасанды интеллекттің көмегімен балалардың эмоционалдық жағдайын қосымша арқылы бақылап, ата-анасының ақданына жіберіп отырамыз. Жыл аяғына дейін мобильдік сервистерге енгіземіз, – деді Асылбай Сәрсенбаева.

Ол жобаның 8-12 жас аралығындағы балаларға арналғанын атап өтті. Қазіргі уақытта тілі кеш шығып жататын балалар көп. Жоба авторлары өз қосымшасында олардың дамуына септігін тигізетін ойындарды қарастырған.

Қазіргі уақытта медициналық қызмет алу қымбатқа соғады. Бәрінің мамандарды шақырып, балаларын қаратуға шамасы жетпейді. Біз бұл Ақу-лут жобасын осы мәселенің алдын алу үшін ойлап таптық. Ең алдымен балаңызды қосымшаға тіркесіңіз. Кейін ол пайдалы ойындар ойнау, суреттер салу және кітаптар оқу арқылы прогресі анықталады. Яғни бала қанша уақытта аяқтады, неше сағат жұмыс істегені туралы ақпараттар ата-анасына жеке мәлімет ретінде беріліп отырады. Сонымен бірге қосымшада пайдалы кеңестерді де оқуға болады, – дейді Ақу-лут-ның негізін қалаушылар.

«ЖЖ» ақпарат

Құрмет



Ұстаз – қоғамның тірегі

«Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақты ұстаз тәрбиелейді. Болашағымыздың басшысын да, данасын да, ғалымын да, ақын-жазушысын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді емес пе? Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солдай ардақтауға міндеттіміз» деп халқымыз мұғалім мамандығына ерекше ықылас танытқан. Иә, шәкірт санасына сәуле шашып, білім нәрімен сусындатқан ұстаздарымыздың төл мерекесі де келіп жетті. Табиғаттың керемет мезгілі алтын күзбен қатар келген кәсіби мереке – ұстаздар күніне орай Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара өтті.

Салтанатты жиынды аудан әкімі Асқарбек Есжанов ашып, еркін елдің ертеңі – бүгінгі жас ұрпаққа кемел білім мен кенен ғылым нәрін сусындатқан ұстаздар қауымын төл мерекесімен құттықтады.

Жүрек қағысы соғып тұрған әрбір пенденің "Ұстаз" деген есімді естіген кезде өзін шәкірт сезініп көтері хақ. Сондықтан да бүгін ұстаздардың алдына шығып, сөз сөйлеу оңай болмай тұр. Кемшілігі болса, шәкірт ретінде кешірсіздер. Әрине қазатқа керемет сөз бар. "Ұстазы жақсының ұстанымы

жақсы" деген. Себебі ұстаз – қасиетті де киелі есім. Жалпы ұстаз атауымен біз өмірдегі адалдық пен имандылықтың, парасаттылық пен өнегеліліктің қайнар көзін ұшастырамыз. Ұстаз болу өмірінің мәні мен мағынасы десек, артық айтқандығымыз емес, – деді аудан басшысы құттықтау сөзінде.

Сондай-ақ білім саласында ұзақ жылдар жемісті тер төгіп, бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған, ардагер-ұстаздар қауымына да ерекше құрмет көрсетіп, ел ертеңі, болашақ ұлдардың бойына білім мен өнер-

ді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп қалыптастырудағы еңбектеріне шығармашылық табыс тіледі. Бірқатар мұғалім «Білім беру ісінің Құрметті қызметкері» төсбелгісімен, Оқу-ағарту министрінің «Еңбек ардагері» медалімен, ҚР Оқу-ағарту Министрлігінің Алғысымен, ҚР Салалық Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы «Құрмет» грамотасымен, облыс әкімінің, аудан әкімінің алғыс

хатымен марапатталды. Марапат легі мұнымен тоқтаған жоқ. 2021-2022 оқу жылының қорытындысымен шебер, тәлімгер, ізденімпаз, білікті, парасатты, зияткер, жаңашыл шығармашыл, креативті мұғалім номинациялары, ізденімпаз меңгеруші, шығармашыл әдіскер номинациялары табысталды. Сонымен қатар кәсіби мереке иелеріне аудан әкімінің ықылас гүлі табысталды.

Мерекелік шара аудандық мәдениет үйі, әуез мектебі көркемөнерпаздарының, мектеп оқушыларының концерттік бағдарламасына ұласты.

Қорыта айтқанда, әр мұғалімнің алдындағы мақсаты – өз ісін жетік біліп қана қоймай, әр оқушының келешекте кәсіби маман иесіне айналуы, шығармашылық тұлғаға жетелеуі. Әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне өзінің сенімін нығайтып, тұлға болып қалыптасуына ықпал ету. Міне, бүгінгі білім, тәрбие беру ісінің басты міндеті осы болып табылады.

Жандос ЖАЗКЕН

Бәрекеді!

Аққыр ауылындағы №188 орта мектеп ұжымы жыл сайын жаңа оқу жылын жақсы нәтижемен қорытындылауды дәстүрге айналдырған. Шалғай ауылдағы алтын ұяның бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда қалдырған қолтаңбасы өз алдына бөлек әңгіме. Ауылға жолымыз түскенде ондағы жуырда күрделі жөндеуден өткен білім ошағына да ат ізін салғанбыз. Зәулім ғимарат білім қуған жастардың қажетіне жарап тұр. Бастысы әр жылдардағы оқу жылының қорытындысына зер салсаң, мемлекеттің аталған салаға жасаған қолдауында нәтиже барын айқын аңғарасың.



Ауыл мектебінің жұмысы жүйелі

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Гүлмира Алимова ауыл мектебінде балалардың білім алуында ешқандай мәселе жоқ екенін айтты. Сондай-ақ ол жыл сайын білім алатын оқушылар қатарында айтарлықтай өсім болып жатқанын да жасырмады.

Иә, біз – аудан орталығынан шалғайда жатқан елді мекенбіз. Мемлекеттің ауылдық елді мекендерді, ондағы әлеуметтің әлеуетін жақсартуға бағытталған барлық қолдауынан құр қалып жатқанымыз жоқ. Өткен жылдары өзіміз жұмыс жасайтын шәкірттер білім алатын осы мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Биыл ауылда бір көшеге асфальт төселді. Аудан және облыс орталығынан шалғайда демесеніз, ауылдың бүгінде екінші тынысы ашылғандай көрінеді өзімізге. Бізге де қажетті заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған жаңа зәулім нысанда жұмыс жасаған ұнайды. Оған мемлекет қолдау көрсетіп отыр. Осындай үлкен қолдау барда біздің алдымыздағы жауапкершілік те еселенетінін жақсы білеміз.

Сондықтан шәкірт тәрбиелеуде шабыттымызды еселеп, жеткен жетістікке тоқмейілісіміз, одан да жоғары нәтиже жұмысымызбен қол созамыз, – дейді Гүлмира Әбдіразаққызы.

Салада ұзақ жылдық тәжірибесі бар ұлағатты ұстазбен сұхбаттасқанымызда, расында бұл алтын ұядағы ұжымның білім саласында серпін қалыптастыруда айтарлықтай үлесі барын аңғардық. Мәселен, Аққыр ауылы аудан және облыс орталығынан шалғай жатыр. Иә, облыс, болмаса аудан орталығына қатынап, түлектердің қосымша үйірмелерге қатысуға мүмкіндігі аз, алайда нәтижесі бізді қуантап отыр. Әр жылдары ауыл мектебін түлеген оқушылардың мемлекеттік грантпен ЖОО-да білім алу мүмкіндігіне қол жеткізу көрсеткіші қалай? Тарқатайық...

№188 орта мектеп былтыр оқу жылын 155 оқушымен бастаған. Оның жетеуі – мектеп бітіруші. Ал ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі ұлағатты ұстаздардың жемісті еңбек еткенін аңғартады. Мәселен, былтыр бұл мектептен түлеген 7 оқушы да ҰБТ-ға баруға бел буған. Басым бөлігі педагогикалық бағыттағы мамандықтарды таңдапты. Осыдан-ақ мұндағы ұлағатты ұстаздардың шәкірттеріне қандай үлгі болғанын біле беріңіз. Не керек, жаңағы жеті оқушының алтауы еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орындарында білім алуға мемлекеттік

грант жөніп алса, біреуі облыс әкімінің грантына ие болыпты. Ал мұнан кейін шалғай ауылдағы мектеп ұжымына тіл тигізіп көріңіз.

Айта кетейік, биыл Аққырдағы №188 орта мектеп жаңа оқу жылын 167 оқушымен бастаған. Демек, «Бала санында айтарлықтай өсім бар» деген Гүлмира Әбдіразаққызының сөзі жалған болмады. Биыл алғаш ауылдағы алтын ұяның табалдырығын 23 бала аттап отыр. Былтыр 1 сыныпқа қабылданған балалар саны 17 болған.

Аққырдағы ертеректе іргетасы қаланған білім ордасы 30 жылдан аса уақыт күрделі жөндеу көрмеген еді. Осыдан 2-3 жыл бұрын мемлекеттік бағдарлама игілігімен 200 млн теңгеден астам қаражатпен көне нысан қайта жаңарды. Құрылыс жұмыстарын қолға алған бас мердігер «Корпорация Алем-құрылыс» ЖШС өте сапалы жасаған. Білім ұясының шатыры жаңартылып, есік-терезелері пластикке ауыстырылған. Ғимараттың ішінен деретхана салынып, су, көріз жүйелері жүргізілген. Тозығы жеткен электр жүйесі жаңаланған. Ішкі қабырғалары қайта сыланып, жаңа еден төселген. Нысанның сыртқы қабырғалары металл сайдинген қапталған. Аулаға брусчатка, асфальт төселіп,

абаттандыру жұмыстары жасалған. Мердігер мекеме білім нысанының сыртынан да деретхана жасаған. Сыртқы есік жанынан мұғалімдер арбасы еркін сиятын арнайы пандус салынған. Мектеп ғимаратының алдына да балалар демалатын жайлы орындықтар орнатылыпты.

Осындай қолдаудың нәтижесі бізді қуантапты. Ұлағатты ұстаздардың тынымсыз еңбегі жыл сайын үлкен жетістіктерге бастап келеді. Мектеп директоры Гүлбану Орынбаева былтыр да оң нәтижелерге жұмыс жасайтынын айтады.

Биыл Аққырдағы орта мектепті 9 бала тәмамдайды. Олардың барлығы бүгінде ұлттық бірыңғай тестілеуде бақ сынауға ниетті. Ләззат Алимова тұлғалардан айына екі рет ҰБТ-ға дайындық мақсатында тест алынатынын айтады. Қыркүйек айындағы бірінен кейін бірі өткен осындай жұмыстың өзінде айтарлықтай нәтиже бары байқалыпты. Бірақ бұған тоқмейілісіңіз олар жоқ. Керісінше ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын өлі де күшейтетіндерін айтады. Бір сөзбен айтқанда, шалғай ауылдағы ұлағатты ұстаздардың жемісті еңбегіне риза болдық.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Мәжіліс

Қоғам қауіпсіздігі басты назарда

Елімізде соңғы кезде адам өлтіру, қарақшылық жасау, жол апаты, алаяқтық фактілері секілді ауыр қылмыстар көбейіп барады. Әрине қоғам қауіпсіздігі үшін мұндай әрекеттер едәуір қатер төндіреді. Сондықтан жазаны қатайту, қоғамдық тәртіпті сақтау, әсіресе қылмыстың алдын алу профилактикалық жұмысын күшейту керек. Саладағы осындай басым бағыттарға мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда ерекше тоқталған болатын.



Осы орайда қоғамдық тәртіпті сақтау және құқық бұзышылықтың алдын алу мақсатында аудандық полиция бөлімінің қызметкерлерімен аудан әкімдігінің ғимаратында арнайы мәжіліс өтті. Маңызды мәселелер талқыланған жығна арнайы Қызылорда облысы полиция департаментінің бастығы Мұхтар Қожабаев, аудан әкімі Асқарбек Есжанов, аудандық мәслихат хатшысы Ғұлаз Құрманбаева, аудандық полиция бөлімінің кеңес қурамы мен кент, ауылдық округ әкімдері, сала ардагерлері қатысты.

Жиын барысында аудандық полиция бөлімінің бастығы Талғат Лекеревтің Жалағаш аудандық полиция бөлімінің 2022 жылдың 9 айында атқарылған жұмыстары туралы есебі тыңдалды.

Т.Лекеревтің сөзінше, қоғамдық тәртіпті нығайту мен жүргізілген профилактикалық жұмыстар нәтижесінде жасалған қылмыстар өткен жылмен салыстырғанда төмендеген. Алайда жекелеген қылмыстарда өсім бар. Атап айтсақ, пәтер ұрлығы, мал ұрлығы,

алаяқтық, көше бұзақылығы, жол-көлік оқиғалары өршіп тұр. Қылмыстарды алдын алу мақсатында «Мал ұрлаушы», «Түнгі Жалағаш», «Есептегі қару», «Балалар қауіпсіздігі», «Құқық тәртібі» атты жедел профилактикалық іс-шаралары өткізілген.

– Статистика көрсеткендей, қазірде жол-көлік оқиғалары өсім алған. Өкінішке орай жол апатының салдарынан кәбілде адам өлімі фактісі орын алып жатады. Осының барлығы жүргізушілердің ережеге бағынбай, жолаушылардың өміріне жауапсыз қарағанының салдары. Алайда кент іші мен Батыс Қытай-Батыс Еуропа автодәлізінің, Жалағаш-Қызылорда және басқа да бағыттағы күре жолдардың бойындағы көлік қозғалысын жол полициясы жіті қадағалайды. Жол-көлік оқиғаларын азайту, алдын алу мақсатында «Автобус», «Қауіпсіз жол», «Құқық тәртіп», «Жаяу жүргінші», «Такси», «Заңсыз қайта жабдықтау» жедел профилактикалық іс-шаралары ұйымдастырылды – дейді аудандық полиция бөлімінің бастығы Талғат Лекерев.

Сараптай келе облыстық полиция департаментінің бастығы Мұхтар Аманқұлұлы полиция бөлімі бастығының есебіне қатысты ұсыныс-пікірін ортаға салып, нақты тапсырмалар берді. Алдын ала аудан алуын зерттеп келген Мұхтар Аманқұлұлының айтуынша, аймақтағы жалпы қылмыстылық ахуал өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда 4,4 пайызға азайғанымен, бүгінде оның жеке-леген түрлері өсім алған. Яғни кіші өлтіру 100 пайызға, жыныстық қол сұғушылық 100 пайызға, бұзақылық 300 пайызға, есірті 40 пайызға, мал ұрлығы 50 пайызға, топпен жасалған қылмыстар 150 пайызға, сотталғылы жойылмағандар екі есеге, жол көлік оқиғасы 5 есеге өскен.

– Білім беру маусымы басталды, сол себепті оқушылардың қауіпсіз жүріп-тұру қорғалысын қамтамасыз етуіміз керек. Осыған байланысты мектеп ғимараттарының алдына жасанды кедергі, сондай-ақ тратур орналастырған жөн. Ауданда 41 камера құрылғылары орналастырылған Әрине камералардың қылмыстың алдын алу,

оны ашуда маңызы зор. Бірақ бұл камералардың қазір біразы жұмыссыз күйде екенін білдім. Сонымен қатар малдардың егесіз жайылу фактілері көбейген, осының салдарынан оқис оқиғалар да болып тұрады. Осы мәселе бойынша ауылдарда пада ұйымдастыру жұмыстары қолға алынса, сондай-ақ Батыс Қытай-Батыс Еуропа халықаралық автодәлізінің аудан аймағынан өтетін бөлігіндегі жол бойының екі жағын қоршаған дүрс шешім деп ойлаймын. Осы және жоғарыдағы айтылған мәселелер бойынша Асқарбек Темірбекулы өз қарауыңызға алуыңызды өтінемін, – деді Мұхтар Аманқұлұлы.

Жиында аудан көлеміндегі басқа да мәселелер талқыланып, шешу жолдары айтылды. Дегенмен «заңға бағынған ел құл болмайды» демекші, ауданда қауіпсіз қоғамды қалыптастыруда тек құқық қорғау қызметкерлері ғана емес, бүкіл жалағаштықтар атсалысуы керек.

Жандос ЖАЗКЕН

Сала ардагері

Қызметтің үлкені – бейбіт өмірді қорғау, қоғам тыныштығы үшін тынымсыз тер төгу. Алайда қоғам тыныштығын күзету ауызбен айта салуға ғана оңай. Ішкі істер органдарының жұмысы қиын да қатерлі. Әріптестеріміз күн сайын қызмет барысында тәртіпсіздіктен туындаған түрлі оқиғалармен бетпе-бет келіп күреседі. Жылдан-жылға аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің қурамы жаңарып келеді. Бұл заңдылық. Салаға еңбегі сіңіп, құрметті зейнет демалысына шыққан ардагерлердің орнын жас мамандар ауыстырып жатыр. Әрине оларға ең алдымен өз саласы бойынша арнайы білім мен біліктілік және тәжірибе керек. Сондықтан полиция бөлімінде қызмет еткен біздің алдығыа быын ағаларымыздың қызмет жолын, ондағы ерліктері мен еңбегін көпшілік ортада, арнайы жиындарда және баспасөз беттерінде жиі насихаттап, тәжірибе ретінде бөлісіп отыруға тиіспіз.



Жолы – өнеге, ісі – үлгі

Саладағы сондай ағаларымыздың бірі – заңгер, ішкі істер органдарының ардагері, отставкадағы милиция капитаны Болатбек Нұржанов. Болатбек ағамыз орта мектепті бітірген соң жүргізушілер даярлайтын автономектептен арнайы мамандық алып, алғаш еңбек жолын Мәдениет ауылында механикатор болып бастап, туған жерін тұзгер зор үлес қосты. Одан соң Кеңес ескерлерінің қатарында азаматтық борышын абыроймен өтеп келіп, Қызылорда қалалық кеңесі атқару комитетінің ішкі істер бөлімінде жүргізуші-милиционер болып ішкі істер саласындағы алғашқы еңбек жолын бастайды. Талдықорған Зан техникумының «Құқықтану», КСРО ІІМ-нің Орөл қаласындағы Жоғары курсының «Автоинспекцияның жол-патрульдік қызметіндегі штаб және сараптама» мамандықтары бойынша бітіріп шығады. Содан кейін саладағы қызметтік жолымен сатылап өсіп, патрульдік-бекет милиционері, Қызылорда облыстық атқару комитетінің ішкі істер басқармасы мемлекеттік автономектеция бөлімінің жеке жол-бақылау дивизионында жол-бақылау инспекторы қызметтерін атқарады. Ал 1992 жылдан 1999 жылға дейін Жалағаш аудандық ішкі істер бөлімінде ұсақ-көлік инспектор болып қызмет атқарды. Ішкі істер органдарында қызмет еткен жылдары бірнеше рет бастаушы комсомол партия ұйымдарының хатшысы болып сайланған.

Болатбек ағамыз ішкі істер органдарынан отставкаға шыққаннан кейін қоғамдық жұмыстарға белсене араласа бастады және түбегейлі шығармашылыққа бет бұрды. Қоғамдағы келеніс мәселелерді жиі көтеріп жүр және жаз ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеп, олардың бойына ұлттық рух құятын тарихи танымдық туындылары да баспасөз бетінде жиі жарық көріп келеді. Сонымен бірге ішкі істер органдарының қызметі мен полиция қызметкерлері туралы портреттік мақалалары, очерк, деректі хикаялары республикалық, облыстық, аудандық басылымдарда жарияланып, бірнеше топтама жинақ кітапқа енген. Оқырмандардан өз бағасын алған үш кітаптың авторы. Жалағаш аудандық ардагерлер кеңесі ұйымдастырған шығармашылық конкурстың екі дүркін жеңімпазы. 2017 жылы этножурналистика саласындағы республикалық «Шаңырақ» шығармашылық байқауының өңірлік кезеңіне қатысып, қоғамдық көлім мен жалпұлттық бірлікті насихаттау жолындағы еңбегі үшін I орын иеленді. Осылардың нәтижесінде Қазақстан Журналистер Одағына мүшелікке қабылданды. Болатбек Нұржановтың бүгінде ауданымыздағы мәдени-рухани ортада өз орны бар. Аудандық полиция бөлімімен тығыз байланыста жұмыс жасап тұрады. Өзінен кейінгі жас мамандармен қызмет жолындағы тәжірибесін бөлісіп, ақыл-кеңесін айтып, бағдар беріп келеді.

«Халық айтса, қалт айтпайды!». Ардагер ағамыз жайында қандай ортада болсын жақсы лебіз естігенде қуанып қаламыз. Өйткені бұл бір ғана адамның атына айтылып тұрған мадақ емес, бүкіл саланың қызметкерлеріне берілген жоғары баға деп қабылдаймыз. Біз де алдымыздағы осы кісілер сынды халыққа адал қызмет етіп, көпшіліктен алғыс естіп, абыройға бөленуге тырысып келеміз. Кісінің адами болмысын айшықтайтын оның шені мен лауазымы емес, мамандығына деген сүйіспеншілігі, қызметіне деген жауапкершілігі, халыққа адалдығы. Міне, осындай қасиеттердің барлығы Болатбек ағамыздың бойында, болмысында бар. Сондықтан халыққа сыйлы, ортасына құрметті. Одан бөлек бұл кісінің өз әріптестерінен ерекшелігі, тіпті артықшылығы – қаламгерлігі. Адам өз өмірін тек өзі ғана жазса алады, басынан кешкен шытырман оқиғаны өзі ғана сезіне алады. Сондықтан ағамыз айтқан әрбір мәнді-мағыналы, қызықты өңгіме шынайылығымен тыңдаушысын бірден баурап алады. Әсіресе артындағы бас әріптестеріне ағамыздың қызметтік кезеңіндегі өзі күе болған, басынан өткізген әрбір оқиғасы үлгі, өнеге. Соның бірі Болатбек Нұржановтың өз сөзімен қысқаша баяндағым келіп отыр.

жылдамдықпен жүйткіп келеді. Жолай таныстық. Байқоңыр қаласында тұратын әскери қызметкер екен. Әйелін ұшақтан күтіп алуға шығыпты. Жолай жарақат алған қозық көрген.

«Москвич» үзе көп алмапты. Жан-ұшырып жоғары жылдамдықпен жүрген сон суы қызып, Шаған ауылының тұсында тоқтап тұр өкен Әскери қызметкер: – Енді ары қарай сіздің жұмысыңыз. Тезірек қимылдаңыз, – деп мені түсіріп, жүріп кетті. Жағалық қалдым. Әлгілер формадағы мені көрген соң қолдарына үзіп тәмен алды. Мен тығырлық тірледім. Ол кезде бізге талапқа да, кісен де берілмейтін. Яғни карусызыбын. Бірақ шегінуге болмайды. Сөйтіп тұрғанда алыс жолдан келе жатқан «КАМАЗ» келіктері тоқтады. Солардан оскенді мен әлгілер қолдарындағы қаруларын тастады. Алдымен еңгезердей қызықты ұрып жығып, қолын артына қайырып белдігімен байлап тастадым. Сөйтіп екеуім де тұтқындалды, МАИ бөкінеге алып келіп, ары қарай қармақшы аудандық ішкі істер бөліміне жөнелттім. – дейді Болатбек ағамыз.

Ел үшін өткен еңбектің бағасы болуы тиіс. Бүкіл саналы ғұмырын ішкі істер саласына арнаған Болатбек Нұржанов атқарған қызметіне, көрсеткен ерлігіне, өткен еңбегіне лайық марапаттан кенде емес. КСРО ІІМ-нің «Милиция үздігі», Бүкілодақтық Жастар Одағының «Қоғамдық тәртіп сақтаудағы белсенді қызметі үшін» тәсбеллісінің, КСРО ІІМ-нің II, III дәрежелі миңсіз қызметі үшін, ҚР ІІМ-нің «Қазақстан полициясына – 25 жыл», «Қылмысты іздеу қызметіне – 100 жыл», ТМД елдері ішкі істер органдарының Біріккен Ардагерлер Кеңесінің «Милицияға – 100 жыл» және бірнеше қоғамдық ұйымдардың медальдарының иегері, сонымен бірге Қазақ КСР Автомобот Эвусқойлар Қоғамының, облыстық ішкі істер басқармасы мен департаментінің, аудандық ішкі істер бөлімі мен комсомол комитетінің «Құрмет» грамоталарымен және ҚР Президентінің, бірнеше рет облыс, аудан әкімдерінің, облыстық полиция департаменті мен ардагерлер кеңесінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Абзал СЕРАЛИЕВ, аудандық полиция бөлімі бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі

Жолдауға қолдау

Біздің елде қай саланың болсын даму деңгейі жақсы. Өткен күндердің тарих беттеріне салып кеткен бедеріне, ел асып өткен бел-белестерге зер салсақ, қазіргі Қазақстан біршама дамыған. Әсіресе тәуелсіздік жылдарының жемісі экономикалық дамуға бастады. Әлем тарихында егемен ел ретінде өз дәуірін бастаған мемлекетіміз аз ғана уақытта талай биікті бағындырып та үлгерді. Жыл сайынғы Жолдауларда айтылған мәселелер уақытында қолға алынып, оң нәтижелерін беріп келеді. Қолға алынған келелі істер жыл сайын жалғасын тауып, ел мүддесіне жұмыс істеуде.

Бірлік – берекенің бастауы

Барға қанағат тұтпасаң, басыңдағы бағынды ұшырасың. Иә, бұлай деуіміз тегін емес. Осыған дейін мамыражай күн көшкен қазақ жұртының басына қаңтар оқиғасы тағы бір сынақ болды. Отыз жыл бойы айтып келген азаттықтың қадірін бір-ақ күнде түсінгендейміз. Басымызға қонған бағымызды ұшырып ала жаздадық. Тәуелсіздігіміздің тұғырын құлатып алуға шақ қалдық. Жарайды, ол күндерді де еңсердік, еңсемізді тіктедік те болашаққа зор үмітпен қарадық. Енді міне, кешегі Мемлекет басшысы Жолдауындағы саяси өзгерістер мен нақты ұсыныстарға күлақ түрдік, ел мен биліктің арасын жақындатуға тырысқан Президенттің бұл саясатына қайран қалдық, көңіліміз көтерілді. Сол Жолдаудағы айтылған келелі мәселелер төңірегінде жүзеге асырылып жатқан жұмыстар мен қолға алынған шаруалар да аз емес. Әсіресе қолдауға тұрарлық бағыт – сайлау жүйесіндегі өзгерістер. Бұған дейін де сайлау жүйесіндегі өзгерістерді тыңғылықты тарақтқан Президент бұл жолы да сайлауға қатысты сөз қозғады. Естеріңізде болса, бұған дейін «Саяси жаңғырудың басты мақсаты – азаматтардың мемлекетті басқару ісіндегі рөлін арттыру. Бұл жұмысты сайлау үдерісі арқылы да жүзеге асырамыз. Біз осыдан 15 жыл бұрын конституциялық реформа аясында Мәжіліс депутаттарын пропорционалды тәсілмен сайлауға көшіттік. Ал 2018 жылдан бастап мәслихат депутаттарын да осы үлгімен сайлайтын болдық. Бұл қадамдар еліміздегі партиялық жүйені дамытуға тың серпін берді. Алайда оның жағымсыз тұстары да байқалды.

Партияда жоқ азаматтардың Мәжіліске ғана емес, жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайтын болды. Мұны ашық мойындауымыз керек. Соның салдарынан халықтың сайлау науқанына қызығушылығы күрт төмендеді. Сайлауды керек қылмайтын адамдардың қатары көбейді. Олар өздерінің дауысы маңызды екеніне, ел өмірін жақсартуға ықпал ете алатынына сөзбейтін болды. Ашығын айтсақ, қазір жұрт депутаттарды аса тани бермейді. Осындай жағымсыз жайттарды ескеріп отырып, мен аралас сайлау жүйесіне көшуді ұсынамын» деген Ел Президенті сол кезде барлық азаматтың құқығы толық ескерілетінін жеткізген болатын. Талап пен тәртіпке сай сайлау жүйесіндегі өзгерістер сақтала отырып, жер-жерде елді мекен әкімдерін қайта сайлау өткізілді. Енді қыркүйек айында жарияланған саяси құжатта биыл кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынды. Кез келген мемлекеттік істі саяси әрі көрегендікпен қабылдай білетін Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұл шешімі де ел болашағы үшін жасалған жарқын істердің бірі деп түсінеміз. Қазақстандықтар үшін барлық істе ашықтық пен әділдікті дамудың кілті етіп берді.

Бұл ретте «Мемлекетіміздің болашағына тікелей қатысы бар ой-пікірлерімді ортаға салғым келеді. Қазіргі геосаяси жағдайда біз мемлекеттілігімізді біртіндеп нығайтып, реформалар мен жаңару бағдарын нық ұстануымыз қажет. Барынша мұқият әрекет жасап, еліміздің ұзақ мерзімді мүддесіне сай жұмыс жүргізуіміз керек. Реформалардың қазіргі қарқынын сақтау, саяси мәселелердің бәрін келіңге қалдырмай шешу аса маңызды. Ол үшін алдағы сайлау кезеңдерін тиімді жоспарлау қажет.

Мен биылғы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынамын. Әділетті Қазақстанды құру жолында түбегейлі және жан-жақты реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім маңдасты қажет.

Мен үшін мемлекет мүддесі бәрінен биік. Сондықтан мен өкілеттік мерзімімді қысқартуға және кезектен тыс Президент сайлауына баруға дайынмын. Сондай-ақ мен көп ойланып, Президент өкілеттігі мерзімдерінің санын және ұзақтығын қайта қарау қажет деген байламаға келдім. Президент мандатын ұзақтығы 7 жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынамын. Бірақ қайта сайлануға тыйым салынады» деген Президент бұл бастаманың негізінде тарқатып айтты.


Жаңа айттып өткенімиздей, алдағы уақытта Президент сайлауы одан кейін келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы өткізілмек. Соның нәтижесінде 2023 жылдың ортасында Президент, Парламент, Үкімет сияқты негізгі саяси институттардың бәрі қайта жаңғырып, жаңарады. Әрине бұл бастамалар нақты әрі тиімді тетіктерді іске қоса отырып және Президент ұсынған тәртіппен жүзеге асытып болса, онда елімізде әділдік пен ашықтық жүйелі жұмыс жасайтынына күмән жоқ. Бұл ел дамуына, қоғамдық тұрақтылықтың қалыптасуы болуына септігін тигізбек. Біз Жолдауда айтылған әрбір мәселенің, ұсыныстың маңыздылығын сезіне алдық, бұл ретте алдағы атқарылатын жұмыстардың ауқымды әрі ұтымды болатынына да сенім арттамыз. Бастысы жауапкершілік, нақтылық, ашықтық және кәсібилік керек.

Айта кетсек, Президенттің кезекті сайлауы 2024 жылы, ал Парламент сайлауы 2025 жылы өтуге тиіс болатын. Енді Жолдауда айтылған ұсынысқа байланысты санаулы күндерден соң қазақстандықтар үшін үлкен өзгеріс болғалы тұр. Ел Президентінің қайта сайлау етіп, жаңа серпілісті бастан кешіпкізіп, Президент айтпақшы, жаңа президенттік жүйе саяси тұрақтылықты нығайтып, қоғамдық құрылыстың қазақстандық үлгісін орнықтырады. Ел игілігі үшін істелетін істі ерқашан қолдаймыз. Тек Жолдау жүктеген міндеттер нәтижеге бағытталуы керек. Ал «Жаңа Қазақстанды» құру жолындағы келелі істер жүйелі түрде жүзеге асырылатын болса, жас мемлекетіміздің жарқын болашаққа жасаған қадамы бұдан да қарқынды бола түседі. Тек сол жолда қазақстандықтар үшін бірлік керек, сенім керек. Бірлік пен татулық қана берекенің бастауы бола алады.


Н.АЛПАСҚЫЗЫ

Сыр медиа "ЖШС Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын Жалағаш аудандық "Жалағаш жаршысы" газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады

Аудандық "Жалағаш жаршысы" газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сөйсенбі, сенбі күндері. Тарауымы – 3075 дана. Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: • бірінші бетте орналастыру – 250 теңге; • ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; • ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге. Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Төле би көшесі №5а, e-mail: zhal_jarsh@mail.ru



Мақсұт Әбдіразақов – 85 жыл



Бұл жолғы әңгімеіміз Қонақ сынды қайраткерден тәрбие алып, бар ықылас-ниетімен халқына қызмет еткен алымды да шалымды шәкірттерінің бірі Мақсұт Әбдіразақов жайлы болмақ. Әбдіразақов Мақсұт Әбдіразақұлы 1937 жылы 17 маусымда Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

Дара тұлға

I
Ол 1954 жылы Жалағаш кентіндегі орта мектепті бітіріп, сол жылы Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институтына түсіп, оны 1959 жылы бітіріп шыққан Институтты бітіргеннен кейін еңбек жолын Коммунизм қолхозының бас зоотехнигі қызметінен бастады. 1960 жылдың қараша айында аудандық партия комитетінің шешімімен қолхозаралық шошқа базасының бас зоотехнигі қызметіне ауыстырылады. 1961 жылғы қараша айында аудандық комсомол конференциясында Жалағаш аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына сайланды. 1963 жылдан 1967 жылдың қаңтар айына дейін Қызылорда облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, 1967 жылдың қаңтарынан Сырдария аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1970 жылдың мамыр айынан төрағасы қызметтерін атқарды.

Атпал азамат 1973 жылдың мамыр айынан 1978 жылдың қарашасына дейін Тереңөзек аудандық кеңесі, 1978 жылдың қарашасынан 1988 жылдың наурызына дейін Жалағаш аудандық кеңесінің төрағасы болды. 1988 жылдың сәуір айынан 1993 жылдың наурызына дейін облыстық Агроөнеркәсіп бірлестігі төрағасының орынбасары, көп ұзамай төрағасы қызметтерін атқарды. Сондай-ақ 1993 жылдың наурыз айынан Қазақ-Түрік бірлескен «Қорда» кәсіпорнының бас директоры қызметін атқарды. Мал өнімдерін өңдеу үшін ашылған бұл кәсіпорынның мал терілерін өңдеп, халық игілігіне асыру жөнінде халыққа тигізер пайдасы өте зор еді. Мақсұт Әбдіразақұлы 1970-1992 жылдары халық депутаттары облыстық кеңеске депутат болып сайланып, облыстық партия комитетінің мүшесі болып келді.

Ол білікті маман, үлкен ұйымдастырушы басшы ретінде танылып, атқарған жемісті қызметтері үшін үш рет «Еңбек Қызыл Ту» және «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет» грамотасы және бірнеше медальдармен марапатталған. Оның жубайы Сара Әбдуазықызы Оңтүстік Қазақстан облысында партия, кеңес органдарында басшы қызмет атқарған, ел ардақтысы болған Әбдуазы Айтбалаевтың отбасында дүниеге келген. Өзі комсомол органдары мен тұтыну қоғамында қызмет атқарған қазір нәмере тәрбиеленіп отырған зейнеткер.

II
Әр адамның өмірі өзінше бір тарих. Сол тарихтың тарау-тармақтарындай көріністер Мақаң асқан бел-белестер ой зердесімен қараған адамға толассыз көп толқындарды елестетеді. Сол толқындар тербеле сыр шертетіндей әсер қалдырады маған. Өйткені біздің үзілісіміз он жыл бойы қызметтес болғанымыз өз алдынша, көрші тұрып, отбасымызбен араласып, туыстан да атарық болып кеткен едік.

Сырт қараған кісіге сесті көрінгенім, қушағы ашық, жайдары мінезді еді. Кімге де болса жақсылық жасауға жаны жақын еді. Бір мысал, Жалағаш поселкелік Совет атқару комитетінің председателі болып ұзақ жыл Асан Бекенбетов ағамыз қызмет атқарды. Бірде облыстан келген ревизор осы мекемені тексеріп, қорытындысын аудандық Советі атқару Комитетінің қарауына берген. Мәселе аудандық Советі атқару Комитетінің мәжілісінде арнайы қаралып, тексеруші ревизор ақша қаражатын жұмсауда салынбаған көпінді салынды деп документ жасалып кеткенін айтып, істі заң орнына тексеруге беру жайлы тоқтамға

келген көрінеді. Сонда сөз алған Асан Бекенбетов:

– Мақаң, бұл азаматтың айтып тұрғаны анадағы өзіңіз көрген көпір ғой, өзіңіз айтқан кемшіліктерді жөндегенбіз, осы тұрғанда су шайып кетіп, ұяты болып тұрмыз, – депті.

«Қиналған Жамбыл жері осы» дегендей, Асекеңнің жаны алқымға келіп тұрғанын, заң орнына берсе, істің насылға шабатынын сезіп тұрған төраға: – Көргенім рас еді, өйтеуір өңгіме етіп тұрғандарың сол көпір ме, – деп ревизорға қарапты.

Ол да ештеңе дей алмай аңтарылып қалыпты. Мәжіліске қатысып отырған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қонысбек Қазантаев ағамыз: – Мақаң-ау, өңдігі жерде көпінді Асанға салдырайық та, – деп артын өзлігі айналдырып жіберіпті.

Содан не керек, төрағаның бір ауыз сөзінің арқасында ревизордан аман-есен құтылып кеткен Асан Бекенбетов ағамыз бұл күндері мұны хыр етіп айтып отырады. «Жақсының жасаған жақсылығы әркез ұмытылмайды» деген осы шығар.

Онымен қызметтес болған азаматтардың айтқандары: – Мақсұт жаратылысынан алғыр, әділ болатын. Кесіп айтатын, сөйлгенде түйдек-түйдек ой ақтарылатын-ды. Содан-ақ мен ол кісінің нақыл сөздерді көп оқитынын және бұлып жүретінін сезетінім, – деп еске алатын еңбек ардагері, бұрынғы аудандық аурухананың бас дәрігері Сақы Қалыбаев.

«Шын бақытты адам, шын мерейлі адам, жүрегі шын үлкен адам сондай кішіпейіл қарапайым болады» деген осындайда айтылса керек-ті» дейтін ол жөнінде Қызылорда қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрмақ Тоқмырзаев.

– Ол адамды өзіне қулық-сұмдыққа жат, таза жанымен ақкөңіл бала мінезін тартатын қандай болсын жұмысты тыңғылықты ісімен, тиянақты ордендерімен, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет» грамотасы және бірнеше медальдармен марапатталған. Оның жубайы Сара Әбдуазықызы Оңтүстік Қазақстан облысында партия, кеңес органдарында басшы қызмет атқарған, ел ардақтысы болған Әбдуазы Айтбалаевтың отбасында дүниеге келген. Өзі комсомол органдары мен тұтыну қоғамында қызмет атқарған қазір нәмере тәрбиеленіп отырған зейнеткер.

Қоғам және мемлекет қайраткері Сөйлібек Шаухаманов өзінің «Азамат» деген мақаласында: – Оны теңір, тағдыр ерте есейтіп, биліктің ертеулі ақбоз атына ерте мінгізіп, ерте ел ағасына айналдырды. Бір жыл кеңшардың бас зоотехнигі, тағы бір жыл шошқа базасының бас зоотехнигі, небәрі екі жылда Жалағаш аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, төртінші жылы төрге жақындап, облыс партия ұйымдарының бас штабы, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, не айтарыңыз бар, сол бас-аяғы он-ақ жылда, 30 жасында орынбасар, 33 жасында Сырдария аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы болып сайланды.

Мақсұт Әбдіразақов сол заманда облыстағы, республикадағы санаулы ең жас төрағалардың бірі болды. Осы ауыр да ауқымды, жауапты қызметті Сырдария, Тереңөзек, Жалағаш аудандарында он сегіз жыл нәтижелі, абыроймен атқарып шықты.

Мақаң – облыс тарихында өз

өріптестері арасында төрағалық қызметте ең ұзақ болған бірінші азамат. Ол төрағалықтың 12 жылын екі ауданда Қонысбекпен, он жылын туған ауданы Жалағашта өткізді. Өзінің нәтижелі, абыройлы, жоғары лауазымдарға еңбек жолын облыстың агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы қызметінде аяқтап, жаңа заманның, жаңа қоғамның талаптарына сай кәсіпкерлікті облысымызда алғашқылардың бірі болып қолға алды, – деп жазған еді.

Атам қазақ «Жігітке мың дос көптік қылмайды, бір дұшпан аздақ қылмайды» дейді. Мақаң жолдастан да жолы болған азамат еді. Олар: Өмірзақ Тұңғышбаев, Қаһарман Табынбаев, Сәмит Далдабаев, Ермақаш Тұрабаев, Нұрмақ Тоқмырзаев, Камал Шекенов, Әбдіржан Қалыбаев, Сақтаған Жанасбаев, Ақпантай Пірназаров, Сапа Исмаилов.

Мақаңның бүкіл өміріндегі жиған-терген байлығы да, бақыты да осы өмірлік достары. Олар бір-біріне тілек-тес болды, сүйеу болды, тіреу болды, сыйлас болды, сырлас болды, қуанғанда да, қайғырғанда да бір-бірінің қасынан табылды, бір үзім нанды бөліп жедеді. Біздер, ағалар күйерміз. Жалпы Мақаңның тегі, аталары әділ, дұшпаны да кеміте алмайтын ел ағалары болған.

«Таудан аққан тас бұлақ, Құймай қоймас теңізге, Жақсы әкеден туған ұл Тартпай қоймас нәзізге» демей ме.

Мақаң «басың болып туғаным жек, басың ағаларымды көріп, үлгі, өнегеге, ақыл-көнестерін алып өстім» дейтін.

Қазақта «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат» деген сөз бар. Мен де Мақаңның жақсылығын көрген адамдардың бірімін. Оқырманға түсінікті болу үшін басынан бастайын.

III
1976 жылы аудан мемлекетке тұңғыш рет 840 мың центнер күріш тапсырып, одақтық дәрежедегі ауыспалы «Қызыл Ту» ақшалы сыйлығымен жеңіп алды. Бұл жыл Жалағаш ауданы үшін аты алтын ерліпен жазылатын тарихи жыл болды. Соның арқасында ауыл шаруашылығының жүзден астам еңбектері орден және медальдармен наградталды. Өндіріс бригадирі Тұрлыбай Абдықалықов, күрішші Кеңішбай Алшоразов мемлекеттік сыйлықтың иегері болды. Күрішші Ұлмекен Телегенова Қазақ ССР Жоғарғы Советіне депутат болып сайланды. Бақытбек Кенжетов – ПМКП-14 құрылыс мекемесінің экскаватор машинисті, Жаңаталап совхозының өндіріс бригадирі Базарбай Жайылханов ВЛКСМ Орталық комитетінің лауреаты атағын алды. Ақарық совхозының өндіріс бригадирі Қазақстан комсомолы сыйлығын лауреаты болды. Жаңаталап совхозының күрішшісі Марияш Оразалыева Мәдениет совхозының сауыншысы Тазағұл Сағымбаева, Қазақстанның Ленин комсомолы атындағы совхоздың күрішшісі Рсалды Сүлейменова, Жаңаталап совхозының комбайнері Жамбыл Балбыров, Ақсу совхозының өндіріс бригадирі Әліпхан Тұрмаханов Қазақстан республикасының еңбек сіңірген қызметкері деген атаққа ие болды.

Күрішті мемлекетке тапсыруды ұйымдастыру үшін аудандық штаб құрылатын. Аудандық штабтың басқарушысы болып аудандық Совет атқару комитетінің төрағасы Мақсұт Әбдіразақов, орынбасары болып аудандық партия комитеті ұйымдас-

тыру бөлімінің меңгерушісі болып Шыңғыс Айбосынов бекітілетін. Орден және медальдарға ұсынылған кезде атқаратын қызметі көрсетілетін. Сондай-ақ маған документ толтырған кезде Мақаңның айтуы бойынша аудандық штабтың орынбасары деп жаздырды. Соның арқасында «Құрмет белгісі» орденін алған едім. Жақсыдан шарапат деген осы болар.

Оның ақдал ақкөңілдігі, кішіпейілдігі, қарапайымдылығы, кісілігі, шешендігі, талапшылығы, білімділігі, табиғаттың берген сыйы болатын ол өзінің ақыл-парасатын, білімін іскерлігің қажыр-қайратын, күш-қуатын ауданның экономикасы мен мәдениетін өркендетуге жұмсады.

Мақаңның еңбекқорлығы мен өз ісіне адалдығы, елге қызмет көрсетудегі қайраткерлігі басқаларға үлгі боларлықтай. Ол әр істі сүйсініспен ілкіптеп, қуштарлықпен бастайтын. Сондай-ақ бітімдері тынбайтын. «Пайданды жақсы болсаң, елге тигіз» деген сөзді жиі айтатын.

Ол ауыл шаруашылығының барлық саласын жетік білетін. Совхоздардың бас мамандарымен жиі кездесіп, оларға ақыл-кеңес беруден жалықпайтын. Әсіресе олардың Мәскеуден шығатын «Сельская жизнь» газетін жаздырып алуды талап ететін. Өйткені онда ауыл шаруашылығы саласындағы жаңалықтар үзбей жазылып тұратын.

IV
Мақсұт Әбдіразақовпен 1975-1985 жылдары бір ауданда қызмет атқаруға тура келді. Оның үстіне үйіміз көрші болды. Бірге тумасақ та бір кісідей, туғандай болып араластық, сыйластық. Атам қазақта «Жақсы келін – ұяңды алтын қазығы, Жігіттің қосы оңбай, ісі оңбайды, «Жақсы жар – азаматтың бақыты» деген аталы сөзі бар. Осы ортайда Мақаң – жар таңдауда да жолы болған азамат.

Мақаңның үйіне қонақтың бірі кетіп жатса, екіншісі келіп жататын. Ол кезде қонаққа қазіргідей кафеде қызмет көрсету болмайтын. Сырттан қызмет бабында іс-сапармен келгендер үйде күтілетін. Оның үстіне ағайын-туыс, жеке тұлғалар түрлі дестүрлі шараларына қатысу тағы бар. Бұл жұмыстардың барлығы да әйелдің мойындағы жұмыстар екені айтпаса да түсінікті. Осының барлығын Сара ханым қабақ шытпай атқаратын.

«Адамның ісі қандай болса, өзі де сондай болады» деп жазыпты неміс философы Георг Гегель. Өзбасым мұндай даналық сөзді қоғам қайраткері, өз заманының іскер басшысы болған Мақсұт Әбдіразақовқа қаратып айтар едім. Оның бастаған істі аяғына дейін тындыруға деген қабілеті мен табандылығына, жаңашылдығы мен парасаттылығына тәнті болатынымыз. Мақаң өзінің замандастарынан кісілік келбеті және болмыс бітіммен ерекшеленетін. Қарапайым қалпынан айнымайтын мінездімін, кімге де болса сол үшін беруге дәрт тұратын адамгершілігімен сүйсіндірді. Арманы асақ, талғамы биік, жүрегі жұмсақ, ішкі мәдениеті жоғары, айналасына шауғын шығып жүретін азамат болды.

Тау тұлғалы Мақсұт Әбдіразақов сынды азаматтың еліне, халқына еткен еңбегін оның 85 жылдығында еске алуды, кезінде үш рет «Ленин» орденімен наградталған «Еңбек Ері» болмаса да еңбек еріндегі еңбек еткен қоғам және мемлекет қайраткері Қонысбек Қазантаевты тыңдай да, тыңдата да білгенін айтып, жазбамды аяқтауды жөн санаймын.

Талап

Жемқорлыққа жол жоқ

Қазақстанда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан сыйбалас жемқорлықпен күрес қолға алынған. Соған қарамастан бұл індет біздің қоғамда бой көрсетіп қалып жүргені рас. Үлкен әлеуметтік қасірет саналып отырған қылмыстың бұл түрі саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлем елдерінің қай-қайсысын да ерекше алаңдатуға. Көбінесе сыйбалас жемқорлыққа адамдардың заң талабын білмеуінің салдарынан жол беріледі. Заңды білмеу жауапкершіліктен босатылмайтын көпшілік ескере бермейді.

ҚР Қылмыстық кодексінің 366 бабында көзделгендей, пара алғанда және ҚР Қылмыстық кодексінің 367 бабында көзделгендей, пара бергенде қылмыстық жауапкершілік қаралған. Яғни жемқорлық туралы айтқанда, тек пара алушыларды жою арқылы жеңуге болмайды. Адамдардың көбі пара беру мен сыйбаластықты түсінбейді. Алайда пара алу мен пара берудің қылмыстық жауапкершілігі тең дәрежеде деп айтуға болады.

Жемқорлықпен күрес ең алдымен адами фактордың таным-түсінігіне, рухани кемелділігіне байланысты. Әрбір азамат және әрбір мемлекеттік қызметшілер қандай жағдайда болсын сыйбалас жемқорлыққа қарсы тұруы қажет. Сол кезде сыйбалас жемқорлықтың қоғамға төнген қаупінен құтылармыз деп санаймын.

Қоғамды жемқорлық індеті жегідей жеп барады. Ғаламторды ашып қалсаңыз, сыйбалас жемқорлықтың қапқанына бойында тәлімі мен білімі мол деген білдей лауазымды қызмет иелері тұтылып жатқанын көреміз. Түкке тұрғысыз, аз ғана пұл үшін бүкіл өмірін тұл етіп, абырой-беделден жұрдай болуға. «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң» дегендей, дана Абай көрсеткен даңғыл жолмен жүрсек, абыройымызды айрандай тегіп, әр-ожданымызға қара дақ түсіріп, қателеспес пе едік, бәлкі. Мұның бәрі ұлы тұлғаның көрегендікпен зерделеген қара сөздерінде таразыланып, жіктеліп, тайға таңба басқандай айтылады. Бүкіл өмір жолымызға қарағанда адастырмайтын шамшырақ болар тұымды сөздер қазіргідей қым-қуыт заманда ауадай қажет екенін білсек қой, шіркін!

Олжас АЛДОНҒАР,
аудандық қазынашылық басқармасының
бас маман-бас қазынашысы

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫ!

2022 жылдың 20 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтеді.

Бүгіннен бастап, Өзіңіздің сайлау учаскеніңізді анықтап алыңыз!

Ол үшін:

1. Қызылорда облысы өкімдігінің ресми сайтындағы **saylau.org.kz** сілтемесіне кірсеніз **«Өзіңді сайлауыңа тізіміңде тексер»** деген атаумен арнайы баннер орналастырылған. Аталған баннерге өту арқылы жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) теріп, қай сайлау учаскесінде тіркелгенін және сол учаскенің қай мекен-жайда орналасқанын картадан онлайн көру мүмкіндігіңіз бар.
2. Ұялы телефоныңыздан, арқылы **Smart Qyzylorda** мобильді қосымшасын жүктеп, сайлауға қатысты Өзіңіңізге қажетті ақпаратты ала аласыз.
3. Telegram каналындағы **saylau_kzobot** ботына кіріп, жеке сәйкестендіру нөмірін (ЖСН) теру арқылы қай сайлау учаскесіне тіркелгеніңізді нақтылай аласыз.
4. **«109-Бірыңғай байланыс орталығына»** тәуліктің көз келген уақытында хабарласу арқылы да сайлау учаскеніңізді біле аласыз.

ӨЗІҢІЗДІ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМІН ТЕКСЕРҢІЗ!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ 2022

ҚҰРМЕТТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ!

ӨЗ УЧАСКЕҢІЗДІ ТАБИҢЫЗ!

РЕСМИ ВЕБ-СЕРВИС: **saylau.org.kz**
TELEGRAM CHAT-BOT: **saylau_kzobot**

Smart Qyzylorda мобильді қосымшасында
109 нөмірі бойынша КЕМЕК Бірыңғай байланыс орталығы

ӨЗ ТАНДАУЫҢДЫ ЖАСА!

Іздеу саламыз

1981 жылы дүниеге келген баламыз Асқаров Адилхан Тәжіханұлына іздеу саламыз. Ақыл-есінде аздаған ауытқуы бар.

14.09.2022 жылы түсі уақытта күлтүстес «Приора» автокөлігінің үй маңында тұрғанын байқадық. Баламыз дәл сол күні жоғалып кетті. Суреттегі азаматты сол уақыттан бері көрген-білгендер болса, төмендегі байланыс телефонына хабарласуын өтінеміз. Сүйіншісі бар.

Тел. 8 708 265 00 48
8 705 671 10 11
8 771 530 99 66



Жадымыздасың мәңгілік

Адам пенде тіршілікте жүргенде бір-бірінің қадіріне жете бермейді. Жақын адамның жаңынан жоғалтқанда ғана оның қадірі арта түседі екен.

Отбасымыздың тірегі, сүйенішіміз Ахмедов Магамед Махмұтұлы 70 жасында өмірден озды. Аулы жар, қамкор еке Магамед Ахмедов 1952 жылы 10 тамызда Қырғызстанның Фрунзе қаласында өмірге келген. Бірақ салалық шарынан бастап осы ауданда өсіп келгенді. Отбасын құрып, немере сүйді. Жас шағынан бастап түрлі салада еңбек етті. Атап айтсақ, аудандық автобазада жүк көліктерінің жүргізушісі болды және элеваторда жұмыс істеп, аудандымыздың дамуына өзіндік үлесін қосты. Тәуелсіздік алған қиын-қыстау жылдардан бастап жеке кәсіппен айналысып, халыққа қызмет көрсетті. Өзінің адал еңбегімен өзгелерге үлгі болды. Аулы өкеміз өз ортасына сыйлы, ағайын арасында құрметті, отбасына қадірлі болатын. Өзіміздің аңқылдаған көңілі бөрміздің маңдайымыздан жылы самалдай желіп тұруы еді. Мұқтаж жанарға көмек берісі келіп тұратын, кішкене болса да қиындықтарға көп үшін осыны, айналасына қамқорлық жасап жүретін биік адами болмыстың иесі еді.

Ақпалы жеткенде Алла пенделінің барлығына да өз жарлығымен аманат жаңын қайтарды. Оған көнбесе шарамыз, қылар амамымыз, асырар айламыз да жоқ. Шүкір, өкеміз Магамедтің артында ошаған күзетер жары, өмірін жалғастыра урпағы қалды. Ендігі өмірі балаларымыз, немерелеріміз жолға береді.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын! Алла жаңыңды жәннаттан етсін! Бүгін өңді сағынып еске алдық. Ұмытылмайсың! Жарқын бейінең жадимызда сақталады, біздің жүрегіміздеміз!

Жемеді танытын барша аудан тұрғындарына, ағайын-туыс, дос-жаранға осы жылы қазан айының 13-і сағат 12:00-де аудан орталығындағы «Мамқұл» мешіттің асханасында марқұмның рухына құран бағышталатынын хабарлаймыз.

Еске алушылар жубайы Залман және ұл-қыздары, немерелері



| Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің ауылдық округ азаматтарын және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін IV тоқсандағы жеке қабылдау кестесі | | | | | |
|---|--|---|-------------------------------------|---|---|
| р/с | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
| 1 | Байділдалов Сағат Сламханұлы | Ауылдық округ әкімі | Сейсенбі Сағат: 10.00-12.00 аралығы | Бұқарбай батыр ауылы, Бұқарбай батыр көшесі №30 | Тел: 8 72431-36-2-88 Элект: bugarbay@mail.kz |

| Аққыр ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі | | | | | | |
|--|------------------|--|--|--------------------------------------|---------------------------------------|-------------------|
| № | Елді мекен атауы | Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж | Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері | Байланыс телефоны |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Аққыр ауылы | Матаев Жанабек Ұлықбекұлы | Аққыр ауылдық округі әкімі | Сәрсенбі 15.00-ден 19.00-ге дейін | Аққыр ауылы, Б.Ақырбаев көшесі №40 | 8(724-39)333-3-20 |



Әдеп

Жолдан өткенде жомарттық танытайық

Таңғы саф ауамен еркін тыныстап, үйден жұмысқа жаяу жүруді әдетке айналдырғанмын. Бүгін де ертелегіп шығып, екі жағымнан тал көмкерілген көшенің орта тұсына келгенде екі бойжеткен менің алдымда келе жатқан ер кісінің алдын кесіп өте шықты. Сол кезде жайбарақат келе жатқан менің көңілім астаң-кестең болды. Негізі бабадан қалған қағидаға бергісіз салт бар ғой бізде, «үлкеннің алдын кеспе» деген. Тіпті жас жігіт болса да ер адамның жолын кесу әбестік болып саналады.

Соны қазіргі жастар аса сезіне қоймайтын секілді. Негізі кісіліктен кішілікке үйір болғаннан зиян көрмейміз. Бәрібір қаншама күштімін десең де әйел заты ер азаматқа бір саты кішілік көрсету керек. Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты болып жауға шапқан аналарымыз да көзінде ер азаматтың қабырғасынан жаратылғаны бар болмыс-бітімімен мойындаған. Әрқашан әйел ер адаммен тең дәрежеде дегеннің жаңсақ көзқарас екенін сезінуіміз керек. Мықтылық, төзімділік әйелдерде көп кездесетін қасиет екені шындық. Алайда ерлердің орны қашанда төрде. Азаматты патшадай күтсең, өзінді сол патшаның әйеліндей сезінесің. Ал оны құлдай қылып төмендетсең, өзін сол құлдың әйелі болып күн көшесің. Азаматты біткеткеннен нәзікжандылар ешқашан ұялмайды. Сондықтан қандай тығыз шарауа болса да, ер адамның жолын кесу әдепсіздікке баламады. Осындай ойлар түйдегі-түйдегімен келгені сонша, жұмысқа қалай жеткізгімді сезбей қалдым. Міне, ойға түйгенімді қағазға түсіріп, оқырманға терең ой салу ниетпен жұмыс үстеміне отырдым.

Төле би бабамыздың келін таңдаудағы ұлағатты оқиса ойға оралды. Атақты Төле би «Балама әйелді



өзім таңдап алып беремін. Байдың байлығына, бидің билігіне қызықпаймын. «Асыл пышақ қын түбінде жатпайды» деген. Келінім ақылы болса, балам дана болады. Ердің бақыты – әйел. Ел сыйлайтын ерді ақылмен адам етіп тәрбиелейтін әйел, кең жайылған дастарханымен ердің атын шығаратын да әйел. Малына, байлығына қызығып, ешкімге құда болмаймын. Келінді асықпай ел арасынан өзім іздеймін. Бұйрық болып кездесе, көрермін. Ұрыс, бақыт, қызыр да әйелде. Әйел қызырлы болса, үйінен жақсы адам кетпейді. Мысалы, берекелі үйге кім келмейді? Жақсы әйелдің арқасында ердің даңқы кетеді. «Би бол би болмаса би түсетін үй бол» деген. Би түскендей үй болу – әйелден» деп келін іздеуге жолға шығыпты. Сонда аттары болдырып, шөлдеп-шөліркеп келе жатқан жолаушылардың алдынан бір топ аты қыз-келіншек көрінді. Ол топтың ішінде Данагүл дейтін кедейдің қызы бар еді.

– Ау, апайлар, тоқтаңыздар, аттарыңыздың басын тартыңыздар.

Жоғары жақтан бірқатар аттылар келе жатыр, алдынан кесе-көлденең өтпейкі. Үлкендердің алдынан кесіп өту дұрыс болмайды. Олар – ел жер қорғайтын ерлер. Кім біліпті, араларында асқан ақылды, данышпан қариялары, ашулы, арынды батырлары бар шығар. «Ер сыйлаған ескіте қалмас» деген. Әлі-ақ бәрімізде бір-бір үйдің иесі боламыз. Шарпат-жақсылығы тиер, үлкен кісілердің батасын алып, алғысына бөленейік. Апалар, аттарыңыздың басын тартыңыздар, тосып тұрамыз. Атты кісілер алдымыздан кесіп өтсін. Соған соң жүрсек те ауылымызға жетерміз, – депті Данагүл.

Жол кеспей, өздерін күтіп тұрғанын Төле би алыстан байқайды. Жақындап келгенде аттан түсіп сыйпы еселемеккен Данагүлден не үшін кідіргенін сұрайды. Сондағы жауабына разы болған Төле би осы бір ғана қасиетінен-ақ келін қылып алуға бел булыпты. Ер азаматқа деген іптіпат пен сыйластық жайлы бұдан артық не айтуға болады?

Бабаларымыз бұл жайлы «Алтын

басты әйелден, бақыр басты еркек артық» деп түйіндеген. Құран Кәрімде айтылған еркектің әйелден артығының сыры – еркектің мал тапқышығында, мал табуға жаралғанында Алла Тағала жұп қылып жаратқан пенделеріне әділетті жолмен тіршіліктің тауқыметін тең бөлген.

Мал таппайтын еркек болмайды, құрарын айт, бала таппайтын әйел болмайды, тұрарын айт. Еркектің міндеті – мал табу, әйелдің міндеті – бала табу. «Еркекті артық қылып жараттық» деген Құран хикметінің сыры да осында. Бұрынғы біздің аналарымыз өз орнын жазбай танып, әйелдіктен даналыққа, отбасы, ошақ қасы тірлігінен рулы елдің қамын жейтін Ел анасы дегеніне көтерілгені сондықтан.

Еңдеше ата салттан аттап, ер кісінің алдын кеспей, азаматқа құрмет әйелдер қауымына сонан Домалақ ана, Ұлжан әже, Ұлпан аналарымыздан бізге аманат екенін естен шығармайық.

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Мүшәйра

Жалағаш топырағы өнер өкілдерінен кенде емес. Соның ішінде жерлеріміз ақын-жазушыларымен мақтанады. Солардың бірі – ауданда туса да аты аймаққа белгілі ақын Жақсыбай Сарбалаулы. Жақсыбай Сарбалаулы ауданымыздың руханиятына зор үлес қосты. Өнер мен мәдениетінің қалыптасуына көп еңбек сіңіріп, қазақ әдебиетінде өз қолтаңбасын қалдырды.

"Жыр жұлдызы" жарқырай түсті



Алдыңмен Қызылорда қаласындағы медициналық училищеде оқып, фельдшер мамандығы бойынша медицина саласында қызмет еткен Жақсыбай ағамыз шығармашылыққа түбегейлі бетбұрыс жасауды мақсат етіп, Н.В.Гоголь атындағы институттың филология факультетін сырттай оқып бітіреді. Содан соң аудандық «Саюзчелать» бөлімінің бастығы, Халық депутаттары аудандық Советі президентінің аға референті, аудандық мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы, Оқушылар үйінде педагог-психолог секілді қызметтерді абырймен атқарды. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Аудандық «Жаңадария» (қазіргі «Жалағаш жаршысы») газетінде әдеби қызмет істеді. Бірнеше мәрте аудандық, облыстық мәслихаттың депутаты болды. Ана тіліне ерекше құрметпен қарап, сүйіспеншілікпен қадір тұтқан ақын ғұмырының соңына дейін Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының Жалағаш аудандық филиалына басшылық жасады. Ақынның көзі тірісінде «Көңіл әуендері» және «Жыр жұлдызы» деген атаумен екі кітабы жарық көрді.

Ақын өлеңдерінде ерекше өрнек бар, жан тебірентер мұң бар, алапат сезім бар және жасындай жарқылдаған рух бар. Қай өлеңін оқысаңың да тереңіне тартып өкetedі. Тіршіліктегі ерекшеліктерді барлығы ақын назарынан тыс қалмайды және өмірдің ашы-тұшысы, жақсы мен жаманы, шуағы мен дауылы, сәулелі сәттер мен мұңайған сәттері ақынның жүрегінен өтеді. Жақсыбай ағамыз – замана шындығын көп жырлаған ақын. Әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиындықтар және соған бейімделген адамдардың алуан түрлі типтерін дәл суреттейді. Бір ғана «Жүрек кардиограммасы» деген өлеңінен-ақ сол кезеңді деп басып сипаттаған. Одан бөлек ақын қаламынан туған жердің көркем табиғаты, қадір-қасиеті зерлі кестелері тегіліп түскен және жас ұрпақтың тәрбиесіне қызмет ететін достық, адамгершілік тақырыптарын да кеңінен қамтыған.

«Әлді деуге бола ма, айтыңдаршы, артында өлмейтұғын сөз қалдырған». Артында сөзі қалған адамның өзі де өлмейді. Бүгінде Жақсыбай ағамыздың жырларын жас ұрпақ жатқа айтады. Ақынның рухты жырлары оқырманға ой салады, жастарға жігер сыйлап, өнеге, тәлім береді, бағыт көрсетеді.

Быыл Жақсыбай Сарбалаулы бесекен жаста. Осыған орай ақынның халқы еске алды. Ақынның шығармаларын оқырмандар арасына кеңінен насихаттап, өмір жолын өскелең ұрпаққа үлгі, өнеге ету мақсатында аудандық кітапхана мен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Жалағаш аудандық филиалының ұйымдастыруымен оқушылар арасында «Жыр жұлдыз» атты жыр-мұшәйра өтті.

Аудандық кітапханада өткен шарада бірқатар арнайы шақырылған қонақтар болды. Атап айтсақ, ардагер қаламгер Рысбай Кәрімов, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Жалағаш аудандық филиалының төрайымы, ардагер ұстаз Дина Мейрманова, ұстаз, ақын, сазгер Айкүміс Орынбаева, ақпарат саласының ардагері Жақсыгүл Тәшенова және мектеп мұғалімдері қатысты.

Шара барысында ақынның замандастары, қаламдас іні-қарындастары сөз алып, Жақсыбай ағамыз жайында жан тебірентер естеліктер айты.

Мүшәйраға аудан мектептерінен өлең өлкесіне жаңа қадам басқан жиырмага жуық жас талапкер қатысып, бағын сынады. Жыр додасының ережесі бойынша талапкерлер бірінші айналымда ақынның бір өлеңін және екінші айналымда өздерінің ақынға арнауын жатқа оқыды. Қазылар алқасы мүшәйраның шарттары мен талаптарына сүйеніп, жас ақындарға өз бағаларын берді. «Жүйрікпен жүйрік озар жарысқанда» дегендей, бәйге болған жерде жұлдегер болуы заңды. Қазылар алқасының шешімі бойынша бас жүлде №118 орта мектептің 8 сынып оқушысы Нұрдидар Жасұланұлына бұйырды. Ал I орынды Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейдің 9 сынып оқушысы Адиас Шерхан еңшілесе, II орынды Әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейдің 10 сынып оқушысы Медеу Ақниет иеленді. Сондай-ақ жүлделі III орынды Мырзабай ахун ауылындағы №122 орта мектептің 9 сынып оқушысы Мұрат Жарқынай және Ақсу ауылындағы №116 орта мектептің 10 сынып оқушысы Теләу Жаннұр өзара бөлісті.

Айта кету керек, болашағынан үміт күттіретін жас ақын Теләу Жаннұр Сарбалаевтар әулетінің арнайы дайындаған отбасылық жұлдесіне ие болды. Шараға Жақсыбай Сарбалаулының балалары демекшілік жасап, жүлделі орын иелеріне және басқа да қатысушыларға қаржылай және бағалы сыйлықтар мен алғыс хаттар табыстанды.


Қуат АХЕТОВ

Тағылым

Тұрмағамбеттің туымды сөздері

Менің әкем кезінде Қармақшының Ақжар ауылында тұрған. Көрнекті ақын Тұрмағамбеттің әңгімелерін көп айтушы еді. Өзі ақынжанды болған соң ба, көпшілігін жаттап алған болатын. Ол кезде тыңдағанын жаттап алмаса, кітап деген аттыға табылмайтын кезең екен. Тіпті жазатын қағаз таппайтын дегенді әкем күресініп. Расында біздің әкелеріміз таршылық заманда өмір сүрген ғой. Ол кездегі үлкен кісілер зердесінің мықтылығына таң қалмасқа шараң жоқ. Үлкен дастандардың өзін лезде жаттап алуға ынтық болған.

Шынында ол заманда импровизация мықты дамыған. Ауыз әдебиетінің небір қаймақты жырлары туған кезең десе де болады. Ол кезде жылы-тояда елді жел-піндіріп тастайтын әңгіме айтуға машықтанған шақ. Сондай бір жылында әкем Аскардың Тұрмағамбеттің тапқырлығы жайлы айған әңгімесі бар болатын. Рахмет деген бай ешкімге үйінен ас бермейді екен. Оның үйіне бір күні ауылшылар келіп түссе, оларға ол тоқты сойып береді. Ауылшы, болыстар кетісімен Рахметтің бірі-екі жолдасымен Тұрмағамбет келіпті. Әлгі бай ақынға мал сойын десе малын қимай, соймайын десе ақын тілінің ашылығынан қорқып, үй сыртына әйелін шақырып алып, «Мына жағы түскірге тағы да тоқты сойысың ба?» деп кеңеседі. Әйелі «Жаңа ғана тоқты сойдың, күнде екі тоқты сойсаң, байғұсау, нең қалады? Мал өлтіргің келсе, ана жүрген құрттай көк лақты сой» дейді. Бұл сөзді Тұрмағамбет үйде отырып естиді. Әйелінің кеңесін мақұлдаған ол кешкісін көк лақты бақыртып, ескіктің алдына көлденең тартып Тұрмағамбет-



ке: – Кәне, қонағым, сізге несіп болған мал екен, бата қылып жіберіңіз, – дейді. Сонда ақын қолын жайып: – Кеңесіп сойған лақтаң, Кесіле ішкен көже артық. Тоқты жеген қонақтан. Бұл қонақтың несі артық, Семіз болса, соя бер. Арық болса, қоя бер, – деген екен. Сараң бай ұялғаннан тоқты сойған екен.

Қазақ салтында сыйлы қонаққа тай сояды, болмаса қой сояды, бірақ лақ соймайды. Қазақ салтында сыйлы қонаққа тай сояды, болмаса қой сояды, бірақ лақ соймайды. Соның ішінде бай адамға лақ сойған ұяттың ұяты болған. Сөйтін ақын бата арқылы сараңбайдың пейілін шебер ашып, өткір әжуалаған екен.

Тағы бірде Тұрмағамбетті «Халық жауы», «Дінді насихаттаушы молда» деп заң орындары тексеріп жатқанда әйелі ақынға тамақ әкеліп береді. Турекең мұсылмандық салтпен тағамды «Біссімиллә» деп бастап ішеді. Сонда тергеуші «Сөң, мұсылмандықты насихаттаушы, не деп отырсың?» деп

бас салады. Оған мән бермеген ақын – Құлақтарың дұрыс естімей ме? Мен тамақ «ысыс ма?» деп жатырмын, – деп қытылған екен.

Тұрмағамбет 1930 жылдары қасына інісін ертіп, Қазалы ауданында тұратын Әлімнің кішкене аталығында нағашыларына барады. Нағашылары күтіп алып, сыйлап, көтеріңді соғымға жылқы қосып беріп, шығарып салады. Аттары қасында, жолда келе жатса, Қазалыға жақындағанда милициялар кездесіп, «ат ұрлап келе жатырсыңдар» деп тұрмеге қамайды. Буларды көп қылмыстылар жатқан үлкендеу бөлмеге әкелсе, үлкен самаурынды ортаға алып, бір топ қазақ жігіті шай ішіп отырады. Күн ысыда шөлдеп келген булардың да шай ішкісі келіп отырғанын байқаса да, байқамағанын шайға шақырмайды. Орталарындағы Орынбай деген кісі «Ореке, Ореке» деп дабырласып жатқандары. Әлім ата балалары екені сөздерінен аңғарылады.

Сонда Түрекең дабырласып жатқан топқа:

Ішінде Орынбайдай ағасы бар, Сонан соңғы жасы кіші баласыңдар. Таласай, татулықпен ішсеңдерші, Самаурын үлкен көрінеді, қанасың-дар.

Шөмемнен қонысым бір болысымен, Әлімде туыстыққа таласым бар. Самаурын күнде қайнап келіп тұрса, Менің де бір шәйнек су аласым бар, – депті.

Отырған Орынбай ақсақалдан бастап Түрекеңмен танысып, білісіп, шайды бірге ішіп сыйласыпты. Түрме басыларына келіп, буларды ұры деп ұстау қателігін дәлелдеп, түрмеден шығуға көмектесіпті.

Қандай көрмет ұлағатты әңгімелер. Сөздің құдіретіне бұрынғылардың қалай тоқтағанына таң қаласың. Сөздің қадірі кетсе, бөреке-бірліктең де күтсі қашатын секілді. Бір ауыз сөздің күші мен қасиетін білген қазақ неткен ұлы халық десеңші!

Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық

"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы,

бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат

комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті

жүйелері" талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Газет әр аптаның сәйсеңбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 87242/40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмісе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1684

Кезекші редактор: Нұржаммила АЛМАСҚЫЗЫ

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru